

Мектеппен сабақтастық жоспарының АНЫҚТАМАСЫ

Мақсаты: балабақша мен педагогтары арасында іскерлік ынтымақтастық орнату, балаларды мектептегі оқуға бейімделуге дайындау.

Балабақша түлектері мектепте

«Балдәурен» бөбекжай – балабақшасында 2021 – 2022 оқу жылында 8 бала мектепке МАД сыныбына қабылданды. Балабақшаның жылдық жоспарына сай қазан айында балабақша психологі Р. Ходжакулова мен тәрбиеші Б. Ганиева мектепке кеткен 8 баланың оқу үлгерімін, тәртібін білуге мектепке барды. МАД сыныбының оқу іс әрекеттеріне қатысты. Жалпы балалардың оқу үлгерімі жақсы. Есте сақтау қабілеттері мен зейіндерінің тұрақты екенін мектеп мұғалимасы айтты. Суретке қарап әңгіме құрап айта алады. Өлеңді жатқа айта білді. Естіген ертегіні өздері құрап айта алды. Алайда 4 баланың көркем жазулары әлі жақсы қалыптаспай жатқанын көрдік. Балабақша педагогтары балалармен бірге ойын ойнап, әңгімелесіп қайтты. МАД сыныбының жетекшісі мен және мектеп психологімен үнемі байланыс орнатып отырды.

«Менің болашақ мектебім» саяхат

Мақсаты: саяхат жасау болашақ мектептеріне деген жағымды сезім қалыптастыру.

«Қарлығаш» ортаңғы тобының тәрбиешілері Б. Ганиева мен А. Сейткасымова қараша және наурыз айларында 2022 – 2023 оқу жылында мектеп қабырғасына кететін 17 баланы мектепке саяхатқа алып барды. Мектеп басшысының рұхсатымен оқу бөлмелерімен, музыка залымен, спорт залымен және кітапхана бөлмелеріне саяхат жасады. Әр бөлмеге анықтама беріп, пән мұғалімдерімен әңгімелесті. Балалар спорт бөлмесінде футбол ойынын ойнады. Музыка сахнасында ән айтып, би биледі. МАД сыныбына барып оқушылармен бірге оқу іс әрекетіне қатысты. Кітапхана бөлмесіне барып көптеген кітаптар мен жазушы авторлардың еңбектерімен танысты. Кітапхан меңгерушісі балалармен бірге ойын – жұмбақтар ойнады. Ертегі кітаптар оқып берді. Балалар қонақтарға «Алдаркөсе» ертегісін сомдап берді. Балалар саяхаттан жақсы әсер алып қайтты.

«Тәсіл негізі тәжірибеден»

Мақсаты: мектеп және балабақша педагогтарының өзара сабақтастығы, ертенгіліктерге, спорттық шараларға, «Ашық есік» күніне қатысу.

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес «Қарлығаш» ортаңғы тобының ұйымдастыруымен қараша, ақпан және мамыр айларында МАД сыныбының оқушыларымен бірлесе отырып спорттық сайыстар өткізілді.

18 карашада «Дене шынықтырумен доспыз» спорттық ойын сауық өтті.

10 ақпанда «Біз көңілді балдырған!» эстафеталық ойындар болды.

12 мамырда «Әкем, шешем және мен!» спорттық ойын сауық болды.

26 мамырда «Қош бол, сүйікті балабақшам!» мерекелік іс шараға МАД сыныбынан балалар келіп балабақша түлектерін құттықтады.

«Қысқы спартакиада»

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес «Қарлығаш» ортаңғы тобының ұйымдастыруымен ақпан айында «Қысқы спартакиада» ойыны өтті.

Эстафеталық жарыс.

Тақырыбы: «Қысқы спартакиада»

Мақсаты: Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейтіп, қысқы ойындар мазмұнын меңгерту. Бала денесін ойын арқылы қозғалысқа келтіріп, таза ауада шынықтыру. Эстафетаға қызығушылығын ойын арқылы қалыптастыру.

Методикалық әдіс: Ойын эстафета, эстафета мазмұны, түсіндіру, үйрету.

Көрнекіліктер: Шана, аққала, қар, күрек, қар үйінділері, қар кесетін ағаш құралдар.

Эстафетаның жүру барысы:

Жүргізуші: Балалар шеңбер бойында бір-бірімізге тілек айтайық

Тілек шеңбері

Балалар алаңда дөңгеленіп шеңбер жасап тұрып, бір-бірінің алақандарын беттестіріп тілектер айтады.

1. Ауамыз таза болсын
2. Денсаулығымыз мықты болсын
3. Ойын қызықты болсын
4. Жарыс көңілді болсын
5. Жеңімпаздар көп болсын

Балалар музыка ырғағымен айналып жай жүріп, сонан соң жүгіріп келіп, аяқ-қол блшықеттеріне арналған сергіту жаттығуларын жасауды.

Қозғап барлық дененді

Қолды қатты соқ енді.

Тақылдатпай таяқты

Ақырын бас аяқты.

Иықты артқа ысырып,

Басты төмен саламыз.

Жаттығу жасап осылай,

Біз шынығып аламыз.

Жүргізуші: Балалар, эстафетаға ұпай қойылады, сондықтан ұпай қоятын әділ қазылар алқасымен таныстырайын

Балабақша меңгерушісі: Жанибекова Г

Әдіскер: Жылысбаева Р

Эстафета түрінде өтетін болған соң, балаларды екі топқа бөлеміз.

Тұлпар тобының мүшелері: Арман, Айбатыр, Айдын, Айша Р, Ақерке, Аягөз.

Сұңқар тобының мүшелері: Бағжан, Бекнұр, Айша М, Жанар, Ақназым, Ажар.

Ойын №1 «Жолды қардан тазарту».

Мазмұны: Балалар қолдарына күрек алып екі жақтан қарсы жүріп, жолды қардан тазартады. Қай топтың балалары жолды ұзын етіп тазартса сол топ жеңеді.

Ертегі кейіпкерлері қонақта.

«Үйшік» ертегісінен Аю келіп балалардан өзі сыйатын үйшік жасап беруін өтінеді.

Ойын №2 «Үйшік жасау».

Мазмұны: Қар кесінділерінен кішкене үйшік тұрғызу. Қай топ бұрын болса, сол топ жеңген болады.

Ойын №3 «Шанамен жарысу».

Мазмұны: Екі топтың үлкен балалары бір баланы шанаға отырғызып сүйреп мәре сызығына дейін жарысады. Ойынға балалар түгел қатысады. Қай топ бұрын жетеді, сол топ жеңеді.

Балалар, біз келесі ойынды ойнамас бұрын жұмбақ шешейік. сол жұмбақтың шешуі арқылы келесі ойынымыздың атауын анықтаймыз.

Шелек қалпақ басында,

Сәбіз екен танауы.

Қыста қардан жасалар,

Тауып көрші сен оны.

(аққала)

Ойын №4 «Аққала».

Мазмұны: балалар дайын тұрған қардан аққала құрастырады. Оның көзін, мұрнын, аузын жапсырады. Басына телпек кигізіп, қолына сыпырғыш ұстатады. Қай топтың балалары бұрын болса, сол топ жеңеді.

Ойын №5 «Көпір жасау».

Мазмұны: Қар кесінділерін 2 қатар етіп жерге (2метр ұзындықта) төсеу.

Бір бала қарды жерге қойып тұрады, басқалары қарды жалғап, жеткізіп тұрады. Қай топ бұрын болса, сол топ жеңеді. Ойын соңында балалар шанамен биік қардан төмен қарай сырғанап ойнайды.

Қорытынды

Жүргізуші: Эстафетаға балалар өте жақсы қатыстындар. Ал, ендеше әділ қазылар алқасы әділ бағаларын беріңіздер. Әділ қазылар алқасы балаларды мадақтап, эстафетаны қорытындылап, балаларды марапаттау үшін қыс кейіпкерлері келіп, сыйлықтар таратып балаларды риза қылады.

Бірлескен сурет көрмесі

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес «Қарлығаш» ортаңғы топ тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен сәуір айында сурет көрмесі өтті.

1 - 9 сәуір аралығында балабақшада «Көктем келді» тақырыбында табиғи қалдық материалдардан жасалынған суреттер мен қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде тәрбиешілер мен балалар және ата-аналармен бірлесіп жасаған жұмыстарын көрмеге қойылды. Өздерінің тамаша көктемгі жұмыстарында балалар балабақша аумағында, ата-аналарымен серуендеуден кейін көктемгі табиғатқа тән белгілерді көрсетті. Шығармалар әр түрлі болғанымен, әр туынды өзінше ерекше қызықты болып шықты. Балалар өз жұмыстарында өздерінің білімдері мен дағдыларын, туған жерге деген сүйіспеншілігін көрсетті, оның өзіндік ерекшелігі мен қайталанбас даралығын көрсете алды. Көрме сәуір айының соңына дейін жалғасуын табады.

Балалардың мектептегі оқуға дайындығы туралы мониторинг

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес «Қарлығаш» ортаңғы топ тәрбиеленушілерінің мамыр айында қорытынды мониторингті жүргізілді. Балабақша тәрбиешісі Б. Ганиева балалардың біліктері мен дамуының қорытынды мониторингінің нәтижесіне талдау жасады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын (өлшемшарттарын) қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулықты негізге ала отырып жыл бойында балаларды зерттеп келдік.

2021 жылы басталған зерттеу аясында ECERS-3 шкаласын қолдану арқылы сертификатталған сарапшылардың жүргізген бақылауларының нәтижесінде ағымдағы жағдайға шолу жасалған. Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес және қолжетімді болуын, педагог пен баланың қарым-қатынасы сапалы болуын қамтамасыз ету үшін қажетті ұсыныстар дайындалған болатын. Осылардың негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалаудың өлшемшарттары әзірленген болатын.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 0701-18\642 хатын негізге ала отырып, 2022 – 2023 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша қорытынды мониторингті қосымша сілтемелерге өту арқылы толтырдық.

Қазақ тілінде: кіші топ (2 жастан бастап)

<https://forms.gle/6AhtjXaGAix1kRn6>


Қазақ тілінде: ортаңғы топ (3 жастан бастап)

<https://forms.gle/c5NnxbzYfgCMxLYL9> сайдына толтырып отырдық.

Нәтижесінде 13 жақсы, 6 орташа, 6 төмен пайызды көрсетті. Биылғы оқу жылында МАД сыныбына балабақшадан 17 бала кетеді. Жалпы

балалардың зейін тұрақтылығы қалыпты, еркін сөйлей алады, ойын еркін жеткізе біледі. Балабақша түлектеріне сәт сапар!

Әдіскер:



Жылысбаева Р